«Келісемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы
№78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
директоры _____ К.Жангазакова
«05» 01 2026 ж.

«Бекітемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Астана дарыны» дарынды
балалар мен талантты жастарды
анықтау және қолдау орталығы
басшысы _____ Ж.Бейсенбаева
«05» 01 2026 ж.

9-сынып оқушыларына арналған «Смағұл Сәдуақасұлы және Алаш мұрасы» қалалық олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже 9-сынып оқушыларына арналған «Смағұл Сәдуақасұлы және Алаш мұрасы» қалалық олимпиадасын (Әрі қарай – Олимпиада) ұйымдастыру өткізу, жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиаданы «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК бірлесе өткізеді.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1.Мақсаты:

Алаш қайраткерлерінің және Смағұл Сәдуақасұлының ұлттық мүдде тұрғысындағы қоғамдық-саяси қызметін, тарихи тұлғасын, шығармашылық мұрасын зерделеу арқылы оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын дамыту, ұлттық құндылықтарға негізделген азаматтық ұстанымын нығайту.

2.2. Міндеттері:

- Алаш қайраткерлерінің қызметін, шығармашылығын тарихи деректер негізінде таныту;
- Смағұл Сәдуақасұлының қайраткерлік қырлары мен азаматтық болмысын ашу;
- Смағұл Сәдуақасұлының ұлағатты істері, мұрасы арқылы оқушылардың ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру.
- дарынды және талантты оқушыларды қолдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Олимпиада жылына бір рет өткізіледі, оны өткізу күні мен орнын олимпиаданы ұйымдастырушы белгілейді.

3.2. Олимпиада қазақ тілінде өтеді, тарих және қазақ әдебиеті пәндерінен кіріктірілген тапсырмалар беріледі.

СӘДУАҚАСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 16
«12» 01 2025 ж.

3.3. Тапсырманы орындау кезінде жеке жазбаларды, кез келген әдебиетті немесе ұялы байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
3.4. Олимпиадада апелляциялық шағым қарастырылмаған.

4. Олимпиада қатысушылары

4.1. Олимпиадаға жалпы білім беретін мектептердің 9-сынып оқушылары қатысады (әр мектептен 1 оқушы).
4.2. Олимпиадаға қатысу үшін сұраныстар ақпараттық хатта көрсетілген сілтемелер бойынша жіберіледі. Сұраныста қатысушы туралы берілген деректерге *(қосымша 1)* директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары жауапты.
4.3. Өтінім беру арқылы қатысушылар сұралған жеке деректерді өңдеуге келісім береді.
4.4. Олимпиада ережелерін бұзғаны үшін қатысушы одан әрі қатысудан шеттетіледі.

5. Олимпиаданы ұйымдастырушылар

5.1. Ұйымдастырушылар Олимпиада комиссиясының құрамы мен қатысушылардың тізімін бекітеді.
5.2. Олимпиадаға тіркелу және қатысу жөніндегі сұранысты қабылдайды.
5.3. Іс-шараның өткізу бағдарламасын дайындайды.
5.4. Олимпиада қорытындыларын рәсімдейді.
5.5. Олимпиада қорытындыларын қатысушыларға, жалпы білім беретін мектептерге және әлеуметтік желілерге жариялайды.
5.6. Олимпиаданы ұйымдастырушы іс-шара барысында алынған фото және бейнематериалдарды ақпараттық және жарнамалық мақсаттарда пайдалана алады.
5.7. Ұйымдастырушылар осы Олимпиада мақсаттарының орындалуын және адал бәсекелестікті қамтамасыз етеді.

6. Олимпиаданы өткізу алгоритмі

6.1. Олимпиада 2 кезеңнен тұрады: іріктеу және қалалық.

6.2. Іріктеу кезеңді өткізу алгоритмі

Талаптары: іріктеу кезеңге әр мектептен бір оқушы қатысады;
Өтетін күні мен уақыты ақпараттық хатта көрсетіледі. Тапсырманы орындау уақыты - 1 астрономиялық сағат (60 минут);
Форматы: іріктеу кезеңі тестілеу форматында өткізіледі. Тест деңгейлік
30 сұрақтан тұрады.
Тапсырмалары: іріктеу кезеңде тапсырмалар әрбір катысушыға қағазға басылып беріледі. Тест мазмұны *(дереккөздер - қосымша 2)* XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи процестер мен Алаш қайраткерлерінің (С.Сәдуақасұлы, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев) өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтері, шығармашылығы, ұлттық мүдде тұрғысындағы еңбектері бойынша дайындалады.

Бағалау: Қатысушылардың жинаған балдары негізінде бағалау нәтижелері анықталып, қалалық кезеңге өтуге үміткерлер іріктеледі. Қалалық кезеңге жоғары нәтиже көрсеткен 60 оқушы қатыса алады.

6.3. **Қалалық кезеңді өткізу алгоритмі:**

Талаптары: қалалық кезеңге іріктеу кезеңінен өткен 60 үміткер қатысады;
Өтетін күні мен уақыты ақпараттық хатта көрсетіледі.
Форматы: «Тарихи детектив» (тарихи зерттеу квест)
Тапсырмалар: Қатысушыларға Смағұл Сәдуақасұлы мен Алаш кезеңіне қатысты тарихи құжаттар, фотолар, баспасөз үзінділері, Алаш қайраткерлері шығармашылығынан материалдар, беріледі (Барлық оқушыға бірдей). Оқушылар деректер арасынан маңызды тарихи фактілерді, уақыт ретін, логикалық байланысты анықтау арқылы тарихи шындықты қалпына келтіреді. Нәтижесінде «Тарихи оқиға» картасын құрастырып, талдап жазады. Тапсырманы орындауға 60 минут уақыт беріледі.

Бағалау критерийлері:

1. ұсынылған құжаттар, фотосуреттер, баспасөз үзінділері, шығармашылық материалдардан маңызды тарихи фактілерді анықтауы, (0-10 балл.
2. тарихи кезең ерекшеліктерін ескере отырып, оқиғалар мен деректерді, шығармаларды уақыт ретімен дұрыс орналастыруы, 0-10 балл.
3. құрастырған «тарихи оқиға» картасын мазмұнды, жүйелі талдап жазуы, 0-10 балл.
4. тарихи деректерді орынды қолдана отырып, сыни көзқарасын білдіруі, 0-10 балл.
5. жасалған қорытындыларын нақты тарихи деректермен негіздей отырып, тарихи шындықты дәлелдеуі, 0-10 балл.

7. Олимпиада қазылар алқасының құрамы

7.1. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастырушылар бекітеді. Қазылар алқасы төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады.

7.2. Қазылар алқасы ЖОО-ның профессор-оқытушылары мен алаштанушы ғалымдардан құралады.

7.3. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

7.4. Олимпиада нәтижелерін тіркеу хаттамалар арқылы жүзеге асырылады. Қазылар алқасының мүшелері хаттама рәсімдеуге міндетті.

7.5. Қазылар алқасының мүшелері Олимпиада барысында барлық өкілеттіктерге ие. Олимпиаданың барлық қатысушылары олардың шешімдеріне бағынады.

8. Олимпиада қорытындысын шығару

8.1. Қалалық кезеңнің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

8.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады (jetistik.kz сайты арқылы).

Қосымша 1

9-сыныптар арасында «Смағұл Сәдуақасұлы және Алаш мұрасы» қалалық олимпиадасына қатысуға өтінім

№	Оқушының аты-жөні құжат бойынша	Оқушының жеке сәйкестен-діру номері (ЖСН)	Білім беру мекеме-сінің атауы	Сыныбы	Жетекшісі, құжат бойынша аты-жөні және ЖСН	Жетекшісінің байланыс телефоны, Whatsapp (Міндетті)

Қосымша 2

Дереккөздер

1.З. Қабылдинов, М.Шаймерденова, Е.Куркеев «Қазақстан тарихы» 8 – сынып оқушыларына арналған оқулық, Алматы, Атамұра, 2018 жыл;

2.Қ.Өскембаев, З.Сақтағанова, Ғ.Мұхтарұлы «Қазақстан тарихы» 8 – сынып оқушыларына арналған оқулық, Алматы, Мектеп, 2024 жыл;

3.М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» Алматы, Мектеп, 2021 жыл

4.Б.Аяған, К.Адиет, А.Сатанова «Қазақстан тарихы» 9 – сынып оқушыларына арналған оқулық, Алматы, Атамұра, 2024жыл;

5. Қ.Өскембаев, З.Сақтағанова, Ғ.Мұхтарұлы «Қазақстан тарихы» 9 – сынып оқушыларына арналған оқулық, Алматы, Мектеп, 2024 жыл;

6.Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалық Алматы, Сардар, 2014 ж.

7.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том, Алматы «Атамұра», 2010 жыл.

8. Қамзабекұлы Д. «Смағұл Сәдуақасов» (ғұмырнамалық деректі хикаят Алматы, Қазақстан б., 2005ж.

9.Алаш қайраткерлері шығармашылығы

10. https://e-history.kz/kz/news/show/33230
11. https://e-history.kz/kz/news/show/31753
12. https://e-history.kz/kz/news/show/32971
13. https://e-history.kz/kz/news/show/3485
14. https://e-history.kz/kz/news/show/339625